

ВЕТЕРИНАРИЯ САЛАСЫН ЖЕТІЛДІРУ – УАҚЫТ ТАЛАБЫ

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан зерттеу университеті аграрлық факультетінің 3 кафедрасында ауыл шаруашылығы мамандарын дайындайтын 10-ға жуық білім беру бағдарламасы бар. Осы білім беру бағдарламаларының әрқайсысының өз орны және маңыздылығы бар екені белгілі. Біздің кафедра ветеринарлық медицина мамандарын даярлайды. Жалпы, ветеринария саласының басым бағыттары – жануарларды аурулардан қорғау және емдеу, халықтың денсаулығын жануарлар мен адамға ортақ аурулардан қорғау, ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, Қазақстан Республикасының аумағын басқа мемлекеттерден жануарлардың жұқпалы және экзотикалық ауруларының әкелінуі мен таралуынан қорғау, ветеринариялық препараттардың, жемшөппен жемшөп қоспаларының қауіпсіздігі мен сапасын бақылау, жануарлар аурулары диагностикасының, оларға қарсы күрестің және ветеринариялық-санитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің құралдары мен әдістерін әзірлеу және пайдалану, жеке және заңды тұлғалар ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыруы кезінде қоршаған ортаны ластаудың алдын алу және оны жою, ветеринария ғылымын дамыту, ветеринария мамандарын даярлау және олардың біліктілігін арттыру.

Ветеринарлармен міндетті түрде оқылуға тиісті жануарлардың түрлеріне жылқылар, мүйізді ірі қара мал және ұсақ қара мал, шошқалар, иттер, мысықтар, қояндар, тышқандар, үй құстары, түйелер және т.б. Ветеринарлар олардың анатомиясын, физиологиясын, микробиологиясын оқиды.

Ветеринария саласы қызметкерлерінің негізгі міндеті – өз аумақтарында эпизоотиялық тұрақтылықты сақтап отыру және аса қауіпті экзотикалық ауруларды болдырмау. Экзотикалық аурулар деп шет мемлекеттерден келетін ауруларды айтады. Қазіргі кезде тағам өнімдерін қауіпсіздігін қамтамасыз ету басты мақсат. Конституцияда адам өмірі бірінші орында тұратыны мәлім. Сондықтан да күнделікті көже-қатығымызға пайдаланып отырған өнімдер – ет, ет өнімдері, сүт, сүт өнімдері, балық, балық

өнімдері, бал өнімдері ветеринариялық қызметтің тікелей бақылауы мен қадағалауында.

Ветеринарлардың күндегі атқарып отырған жұмыстарының маңызы өте зор. Қазақтың саулық сұрасқанда ең бірінші «Мал-жан аман ба?» деуі тегін емес. Себебі, мал – халықтың тұрмыс-тіршілігі, күнкөріс көзі. Асырап отырған малының саулығы ол отбасының ғана емес, бүкіл халықтың саулығының негізі. «Ауру – астан» дегендей, адам денсаулығынан артық ештеңе жоқ. Сонымен бірге, мал шаруашылығы экономиканы алға сүйрейтін салалардың бірі. Ветеринар мамандар осы саланың ақсамауына, қауіпті ауру түрлерінің тарамауына, мал өнімдерінің таза болуы үшін күнделікті жұмыс жүргізеді. Олай болса, академик К.Скрябиннің «Медицина адамды емдесе, ветеринария бүкіл адамзатты емдейді» деген қанатты сөзін әрқашан да жадымызда ұстауға тиіспіз.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық бірлігі және жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты халыққа жариялаған Жолдауында Үкіметке елімізде мал шаруашылығын дамытып, ауыл азаматтарының әл-ауқатын жақсарту үшін бірқатар тапсырма берді. Атап айтқанда, ветеринария саласын да жетілдіру қажет екенін, бұл салада орталық пен өңірлер арасындағы міндеттер мен құзыреттіліктер нақты бөлінуі керек екенін айтты.

Мал басының амандығы және өнімділігі жергілікті ветеринарлардың тиімді жұмысына байланысты. Бұл, түптеп келгенде, ауылдағы ағайынның әл-ауқатына тікелей әсер етеді. Ветеринария қызметі қазіргі заман талабына сай болмаса, ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспортын арттыру мүмкін емес. Сондықтан, осы салада жүйелі жұмыс атқарылуы тиіс. Атап айтқанда, үдерістерді цифрландыру, мәлімет жинау және оны автоматтандыру, маман даярлау және олардың жалақысын көбейту шаралары – басты назарда тұр. Жалпы, елімізде ветеринария мамандары өз қызметтерінде білікті, абыройлы болуы үшін алған білімдері де соған лайықты болу керек. Міне, осы талапқа біздің кафедраның профессор-оқытушылар құрамы да жылдан-жыл-

ға бейімділік мүмкіндіктерін молайтып келеді. Нақты мысалдар келтірер болсақ, тек соңғы 2-3 жылда кафедраның оқытушылары Ардақ Ақкөзова, Сәуле Шерімова, Динара Қалқаева, Ыхтияр Сарыбаев философия докторы PhD ғылыми дәрежеге ие болса, Нұржан Нұрходжаев, Әлібек Әшірбек, Алмас Өмірәлі, Ғалия Ергешбаева, Шынар Абдыкаримова, Индира Мұсаева білімдерін шыңдауға докторантураға түсті.

Академиялық үлгілік жағдайына да мән беріп келеді. Өткен жылы кафедраның бес студенті Германияда кәсіби күздіреттіліктерін дамыту бойынша ауылшаруашылық практикасынан өтсе, биыл бірнеше студент Қазақстанның басқа оқу орындарында білім алмасу мақсатымен оқып жатыр.

Профессор-оқытушылар құрамы тұрақты түрде өз біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, түрлі халықаралық және отандық ғылыми конференцияларға қатысып отырады. 2024-2025 оқу жылы барысында А.Ақкөзова университетішілік конкурсқа қатысып, ғылыми жоба жеңімпазы атанды. Ал А.Күзербәева республикалық «Жас ғалым» жобасында бақ сынап, «Қойлардың аралас гельминтоздарына қарсы «НематоSTOP» препаратын жасау және емдік әсерін зерттеу» атты ғылыми жобасын жеңіп алды.

Кафедра ұжымы кәсіби бағдар беру іс-шарасына аса назар аударуда. Арнайы жоспарға сәйкес, кәсіби бағдар беру іс-шаралары, өткізілетін орындар атауы және жауаптылар түгел қамтылған. Әрбір профессор-оқытушылар құрамының күнделікті ғылыми-педагогикалық жұмыстарымен сапалы айналасуына университет басшылығы да айтарлықтай көңіл бөліп, тиісті қолдаулар көрсетілуде.

Кеңес БАЙЖАНОВ,
ветеринарлық медицина
кафедрасының доценті,
ауыл шаруашылығы
ғылымдарының кандидаты

Айсұлу КҮЗЕРБАЕВА,
ветеринарлық медицина
кафедрасының меңгерушісі,
PhD доктор